ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru

университет студенттерінің үні

№13(477) 16 қазан 2019 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІНІҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ**

Жақында, Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университетінде Мемлекеттік қызмет мектебінің ашылу рәсіміне арналған жиын өтті.

2 бетте

**ӘЛЕМНІҢ БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАРЫ ТҮСІНЕТІН БІР ТІЛ БАР**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Бейнелеу өнері кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Қуандық Ералыұлы Ералинмен болған сұхбат.

3 бетте

**БІЛІКТІ МАМАН-ҰЛТ ТІРЕГІ**

«AIQYN» газетінің 12 қазандағы №157 (3622) санында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ректоры Б.Абдрасиловтың «БІЛІКТІ МАМАН-ҰЛТ ТІРЕГІ» тақырыбындағы сұхбаты жарияланды. Бұл сұхбатта еліміздегі ЖОО-дағы мәселелер мен университетіміздегі атқарылып жатқан жұмыстар жайында сөз қозғалған. Осы орайда, назарларыңызға аталған газеттегі жарияланған материалдың толық нұсқасы.

4 бетте

**МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ**

Бүгінгі заман ағымына ілесу, білімді жастар санатына қосылу үшін терең білім мен біліктілік қажет. Болашақта бізді үлкен асулар мен биік белестер күтіп тұр. Еліміздің игілігі үшін өз қалауымыздағы мамандықты таңдаудан жаңылмауымыз қажет. Себебі әр адамның таңдаған мамандығы болашағына тікелей байланысты.

8 бетте

## БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША III ОРТА АЗИЯЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ

**Қазан айының 4-5 күндері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША III ОРТА АЗИЯЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫ» өтті. Форумға 20 мемлекеттен 400-ге жуық делегаттар қатысты. Бұл жиында ЖОО-ның білім сапасын көтеру, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау мәселелері талқыланып, шешімдер қабылданған күн болды. Әлемдік деңгейдегі ғалымдар бас қосып отырған шараны ұйымдастырушылар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ.**

Форум жұмысына ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей Білім және ғылым министрліктерінің өкілдері, жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің халықаралық еуропалық желілерінің, шетелдік аккредиттеу органдарының, шетелдік білім беру ұйымдарының (Бельгия, Венгрия, Германия, Нидерланды, Болгария, Чехия, Түркия, Латвия, Молдова сынды басқа да бірқатар мемлекеттер бар) қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының басшылары, студенттер мен жұмыс берушілер қатысты.

Форумның негізгі мақсаты – үздік тәжірибемен алмасу және талқылау үшін халықаралық диалог алаңын құру, сапаны қамтамасыз ету, жүйесін дамыту және халықаралық аккредиттеу рөлін арттыру, ЖОО-ның академиялық еркіндігін және басқарушылық дербестігін кеңейту, сапа мәдениетін ілгерілетуге және кәсіби қоғамдастықты қалыптастыруға ықпал ететін халықаралық желілермен және шетелдік агенттіктермен ынтымақтастықты дамыту. Сондай-



ақ, білім берудің интернационализациясы және білім беру сапасын арттыру, оқу бағдарламалары мен білім алушыларды халықаралық стандарттар бойынша даярлау траекториялары да айтылды.

Шарада Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан республикаларының білім саласы министрлерінің орынбасарлары форумға қатысты пікірлерін білдірді. Жиынның ашылу салтанатынан кейін панельдік сессияларға (параллельді) жалғасты.

1-ші панельдік сессия: «Білім беру сапасын қамтамасыз етудің халықаралық тәжірибесі», 2-ші панельдік сессия: «Білім сапасын арттыру және ғылымды коммерцияландыру: цифрлық трансформацияның тенденциялары мен үдерістері», 3-ші панельдік сессия: «Студентке бағытталған білім беру және сапаны бағалау», 4-ші панелдік сессия: АРТА/IAAR — Медициналық білім беру сапасын бағалау» тақырыбы бойынша жалғасуда. Ары қарай дөңгелек стол басындағы Білім беруді интернацияландыру және академиялық еркіндік жағдайындағы ЖОО стратегиялық басқару жөніндегі әңгімеге ұласты.

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖАҢА ДАМУ БАҒЫТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



**14 қазанда оқу орнымыздың президенті Б.Абдрасилов 2018-2019 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебін берді. Сонымен қатар университеттің жаңа даму бағыттарымен таныстырып, көпшіліктің талқысына салды.**

—Университет студенттерге білім беретін ұйым, сондықтан да атқарылатын жұмыстарымыз да студенттердің маңайында болуы керек. Былтырғы стратегиялық жоспарға байланысты біз не істедік? Біз қандай шешім қабылдадық? – деп Б.Абдрасилов, осы сұрақтар төңірегінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

—Бірінші мәселе, біз студенттердің жағдайын жасау міндетіміз. Жатақханаларды дұрыстау, төсек орындарды жаңарту. Қоғамдық жұмыспен айналысатын белсенді студенттермен жұмыс жасау, оларды қолдау. Екінші үлкен мәселе, білім сапасын көтеру. Өткен оқу жылында бір адамдай бірлесіп жұмыс жасағанның нәтижесінде үлкен жетістіктерге жеттік. Мен ұжымға алғысымды білдіргім келеді. Үлкен іс-шаралар өткіздік, білім саласына өзгерістер енгізілді, материалдық-техникалық база толықтырылды, осылардың нәтижесінде қазір оқу орнымыз үлкен мемлекеттік шешімнің алдында тұр. Жаңа жылда жақсы хабар күтіп отырмыз. Университетке жаңа статус беру туралы ұсынысымыз қаралып жатыр. Университеттің имиджін ғылым, білім, студенттердің әл-ауқаты мен олардың қоғамдық жұмысқа араласуы құрайды. Бүгінгі күні 10113 студентіміз бар. Жылда 300-ден аспайтын Грант иегерлерінің саны биылғы оқу жылында 1000 -нан асты. Бұл көрсеткіш оқу орнымыздың абыройының артқанын білдіреді. Біздің университет қарқынды даму үшін студенттердің саны 12000 болуы керек. Бұған да бір,екі жылда жетеміз деп үміттенемін.

Оқу жоспарларына жаңа пәдер енгізілді. Өзгерістерден қалмай біз де оқу саласындағы жаңашылдыққа байланысты өзгерістер енгізіп, оқу бағдарламаларын заманауи талапқа сәйкестендіріп отыруымыз керек» — деп, оқу процесіне байланысты жасалынған жұмыстарды қамтыды.

Білім сапасын, біліктілігін арттыру, студенттеріміздің пәндік олимпиадалардағы көрсеткіштері, іс-тәжірибе және жұмыспен қамту, түлектерді жұмыспен қамту, ғылым саласындағы атқарылған жұмыстарды атап айтып, слайдттар көрсетілді.

Сонымен қатар жаңа оқу жылындағы атқарылатын жоспарлармен таныстырды. Оның ішінде, ағымдағы жылы 1500 адамдық үш жатақхана салу, жылу қазандықтарының алдағы 4 жылда толық жаңартылуы, материалдық-техникалық ба-заны жаңарту және толықтырут.б жоспарланған.

Университетіміздің І вице-президенті Ж.Томар оқу орнымыздың ішіндегі мәселелерді шешуде осындай жиналыстардың маңызы зор екендігін айта келіп, атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Ж.Томар: — Жақында VIII Түркология конгресін атақты түркологтардың қатысуымен Стамбулда өткіздік. Сол жерде Қазақстан мен Түркия елдерінің әнұрандары орындалды, - деп екі елдің ынымақтастығы, бірігіп атқарып жатқан іс-шаралардың маңыздылығын айтып өтті.

Алқалы жиында университеттің жаңа даму бағыттары талқыланып, бекітілді.

Жиынның соңында сұрақтар қойылып, тұщымды жауаптар берілді.

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ III ОРЫНҒА ТҰРАҚТАДЫ

Самбо күресінен 2019 жылдың қазан айының 10-14 жұлдыздары аралығында Ташкент қаласында Әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 40 мемлекеттен 500-ге жуық спортшылар қатысты. Оқу ордамыздың 4 спортшы-студенттері де аталған жарыста өнер көрсетіп, биіктерден көріне білді. Атап өтер болсақ қыздар арасында 80 кг салмақта Оразбай Арайлым III орын, ерлер арасында +100 кг Әбдіғани Бибарыс III орынға тұрақтады.

Спортшыларымызды Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушы, профессор, Оқу-сауықтыру бөлімінің аға бапкері Әбдісадық Халилаев пен Қазақстан Республикасының Спорт шебері, Оқу-сауықтыру бөлімінің аға бапкері Мұхтар Бөгенбаев баптаған.

Айта кетейік, аталған додада Қазақстан құрамасы өзбек балуандарынан кейінгі III орынға тұрақтады.



# ДАРЫН ДЕСЕ ДАРЫН ЕКЕН!



Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендия стипендиаттарының қауымдастығы жыл сайын «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығымен» бірлесе отырып, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен осымен 10-шы жыл «Жастар кадрлық резерві» мемлекеттік грантын жүзеге асырып келеді. Бүгінге дейін осы жобаға 15 мыңнан астам жастар қатысса, оның 468-і ашық конкурстық іріктеуден, тестілеуден, оқу модульдерінен, кәсіби құзыреттерді бағалаудан және түрлі ұйымдардан тағлымдамалардан өтіп, білікті жастардың қатарын толықтырды. Жобаның мақсаты – жастар арасынан үкіметтік, іскерлік және әлеуметтік іс-әрекет жүйесі үшін заманауи және тиімді менеджерлердің жаңа ұрпағын қалыптастыру. Биылғы жобаға 1000-нан астам жастар қатысты. Соның 51-і финалға шығып отыр. Финалистер қатарында Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи университетінің 2-курс студенті Дарын Әбдісадықұлының бар екенін естіп, қуанып отырмыз.

– Өткен жолы тестілеуден, оқу модульдерін сараптаудан, кәсіби құзыреттерді бағалаудан өткенмін, – дейді Дарын, – Енді Қазақстан Республикасы Парламентінде екі апталық тағлымдамадан өтуге кетіп барамын. Бұйыртса, оқу бітірген соң еліме аянбай қызмет етпекпін. Менімен бірге осы іріктеуде жеңімпаз болған бір университетте оқитын құрбы-достарым Ақерке Жұматова мен Мырзабай Ермаханды да құттықтаймын!

Дарын Түркістанның тумасы. Көп балалы отбасыдан шыққан қарапайым қазақ баласы. Білім алуға ынтық. Кім біледі, бір кездері Дарынды да биік мінберлерден көріп қалармыз!

**Б. Сердәлі**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІНІҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

**11 қазанда Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университетінде Мемлекеттік қызмет мектебінің ашылу рәсіміне арналған жиын өтті.**
**Жиынға оқу орнымыздың президенті Б. Абдрасилов, вице-президент П.Пилтен, Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Б. Исақов, департаменттің мемлекеттік басқарамасының басшысы Н. Шынтаев және университетіміздің қызметкерлері мен студенттері қатысты.Университет президенті Бболатбек Абдрасилов Мемлекеттік қызмет мектебінің жаңа маусымының ашылуымен құттықтап, аталмыш мектеп түлектерінің жеткен жетістіктерін айтып өтті.**



- Мектеп Түркістан облыстық Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің тікелей қолдауымен ашылған болатын. Мектептің мақсаты, мемлекеттік қызметке тәжірибелі база болу. Бір жылдың қортындысы бойынша мектеп нәтижесін берді. Алғашқы мектеп ашылған уақытта экономика, жергілікті және мемлекеттік басқару, қаржы мамандығынан 20 студент іріктеліп алынып, олар он апта бойы дәріс алды, түрлі тренингтерге қатысты. Тренингтердің басым бөлігін мемлекеттік қызметте жүрген мамандар өткізді. Осы мектепті бітірген студенттердің бірқатары қазіргі кезде мемлекеттік органдарда арнайы бағдарламалар бойынша жұмыс істесе, қалғаны магистратурада, тағы басқа да оқу орындарында білімдерін жалғастыруда. Олар да келешекте мемлекеттік қызметте жұмыс атқаратын шығар деп ойлаймын. Оқу орнымыздың түлегі, мектептің бірінші тыңдаушысы Индира Сейітбек жақында облыстық Жер қатынастары басқармасына жетекші маман болып жұмысқа қабылданды. Студенттерімізден осы мектепте білімін жетілдірем деушілер өте көп болды. Олардың ішінен 32 студент іріктеліп алынды. Арасында шетел студенттері де бар – деп, Болатбек Серікбайұлы Мемлекеттік қызмет мектебінің жұмысына сәттілік тіледі.

Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Болат Исақов:

— Елбасының тарихи шешімімен Түркістан облыс орталығына айналғаннан кейін, осы мектеп ашылды. Былтырғы игі шара биыл жалғасын тауып отыр. Қазіргі кезде облысымызда 7000-нан астам мемлекеттік қызметкер жұмыс атқарады. Оның 25 пайызға жуығын отызға дейінгі жастар құрайды. Өткен жылдың ақпаратына сәйкес 552 азамат жалпы конкурс арқылы мемлекеттік қызметке қабылданды. Оның 48- і жаңадан жоғары оқу орнын бітіргендер. Мемлекеттік қызметте жоғары оқу орнын бітіре салып қызмет атқаруға болады. Сондықтан осы мектеп тыңдаушылары, өздеріңіз негізгі үміткер ретінде саналасыздар – деп, 500 ге жуық бос лауазым орындарының бар екендігін тілге тиек етті.

Департаменттің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Н.Шынтаев пен Мемлекеттік басқару және аймақтық даму бағдарламасының жетекшісі Д.Ерғалиев баяндама жасады.

Мемлекеттік қызмет мектебінің 2018-2019 жылғы кезеңінің түлегі И.Сейітбек университет ректоры Б.Абдрасилов пен білім берген ұстаздарына алғысын білдірді.

Бүгіннен бастап мектеп тыңдаушыларының алғашқы дәрісі басталды. Алғашқы дәрісті Департаменттің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Н.Шынтаев жүргізді.



# «ӘЛЕМНІҢ БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАРЫ ТҮСІНЕТІН БІР ТІЛ БАР...»

***Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Бейнелеу өнері кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Қуандық Ералыұлы Ералинмен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.***



**– Бейнелеу өнері неден басталады?**

– Бейнелеу бейнеден басталады. Бейнелеу өнері нүктелерден, сызықтардан, бояу дақтарынан басталады. Олар пішінқұрау, түстану, жарық-көлеңке, перспектива мүмкіндіктері арқылы жалғасын тауып, көрерменге түрлі сызықтар, нүктелер, бояулар, пішіндер арқылы ақпарат жеткізу мүмкіндігіне ие болады, жағымды көңіл күй сыйлайды. Бұларды бейнелеу әліппесі десе де болады. Бейнелеудің басты мақсаты сол дәуірдің көркем образын жасау.

**– Бейнелеудің қандай ерекшелігіне басымдық берер едіңіз?**

– Шығармашылық – әлем халықтарының тілі. Әлем халықтарының бірін-бірі түсінетін бір ғана тіл бар, ол – шығармашылық тілі. Бейнелеу өнері шығармалары нүкте сызық бояу, композиция, жарық пен көлеңке колорит арқылы көрермендерге түрлі ақпараттар әкеледі, эмоциалық сезімдер силайды. Көрермендерге ақпарат беруде нүкте сызық бояу түстері мен оны орынды қолдану ежелден ерекше қызмет атқарған. Бұл өнердің ежелгі нұсқасын жартастағы таңбалардан білеміз. Ертеде ұзатылған қыз төркініне кестелі орамал жіберген, онда ұшып жүрген көгершінді бейнелеген. Қыз төркіні осы орамалдағы шығарма нәтижесіне қарап ұзатылған қыздың жағдайының жақсы екенінен хабардар болған. Сонымен қатар бас киімдер адамның жасы мен жынысы туралы ақпарат береді. Тарихи картиналардағы бейнеленген дала көшпенділерінің бейнесі сияқты. Бұл жағдай суреттің де тіл сияқты қарым қатынас қызметін атқарғанын білеміз. Осы орайда бір патшаның өмірден өтерде артында мұра етіп қалдырған «еңбек естен, ерінбей тояды қарның тіленбей» деген бір-ақ сөзі еске түседі. Бұнан бейненің де тіл сияқты қарым-қатынас қызметін атқаратынын ескерсек болады. Бейнелеу өнерінде символдық тіл деген бар.Бұл бойынша жерді қоңыр түспен, аспанды көк түспен, көктемді жасыл түспен бейнелеп көрсетеді. Символдық тілдің бір формасы авто жүргізушілеріне арналған тоқтау, жол беру, күту, жылдамдық деңгейі т.б.қажетті ақпарат беретін символдық белгілері бар. Бағдаршамдар да бояу түстері арқылы бізге ақпарат беретін ерекше мүмкіндік. Бейнелеу шығармашылығының басқа бір тілінің ерекше түрі - абстракциялық картиналар тілі.Мұндай картиналардың беретін ақпараты күрделі болады. Павло Пикассоның, Сальвадор Далидің, Матистің шығармалары соғыс зардабын көрсетіп, оған қарсылықты, бейбіт өмірді, әділдік пен зорлық көріністері ауқымды етіп бейнеленген.

**– Ұлттық қолөнерге деген шетелде қызығушылықтың салмағын қалай бағалар едіңіз?**

– Мен 2011 жылы Түркияның Анкара қаласындағы Гази университетінде өткен бейнелеу өнері саласынан жоғары оқу орындары студенттері мен оқытушылар арасында өткізілетін көрмеге қатысуға шақыру алдым. Сонда мен қандай шығарма апарам деп ойландым. Бізде табиғат көрінісі немесе тарихи тақырыптар бейнеленген небір тамаша картиналары болды, бірақ бұлармен батыс елдеріне таң қалдыра алмайсын. Сонымен мен өзім салған Қожа Ахмед Ясауи кесенесі гобеленін, студенттер тоқыған бір ши, бір киізді апардым. Сонан барған соң апарған заттарымызды сараптау тобына өткіздік. Басқалар кескіндеме шығармаларын көбірек апарыпты және олардың көбі абстракциялық шығармалар болды. Көрменің ашылуында көрсек біздің атқарған кесене гобеленін көрме төрінің ең ортасына, шиден тоқылған шығарма, жартастағы суреттер бейнеленген киіз туындысы көрме түріндегі қабырғадан орын алыпты. Бұдан біз қазірде - ұлттық өнерге деген халықтың құрметінің жоғары екенін аңғардық. Сол жұмыстар қазір Гази университетінің сурет галереясында көрсетілуде. Бұл көрмеге аталған этно бұйымдарымыз көрермен көңлін біздің университетімізге аударып, бізге шығармашылық табыс әкелгенін айтуға болады.

**– Ата-баба дәстүр жалғастығының қазіргі жағдайы қандай?**

– Ата-баба өнерінің нұсқалары деп біз жартастағы таңбаларды, алтын адамды, Пазырық қорғанынан табылған кілемді, Ясауи кесенесін, тайқазанды айтуға болады. Бұлар қазақ елінің бет бейнесін символдық түрде көрсетеді. Қазіргі ата-баба көркемдік дәстүрін жалғас-тырып жүрген этнодизайнерлер арасынан қолөнердің шебері, зерттеушісі Д.Шоқпарұлын, мұражай дизайнері А.Найманбаевты, құрақ көрпе, қыз жасауын жасау шебері, ұлттық қолөнерді шет елдерде насихаттаушы Ы.Тұрсынзада, ұлттық кілем тоқу өнерін кеңес дәуірінің өзінде насихаттап одақ көлеміндегі көрмелерге қатысқан шебері Б.Симованы, зергерлік өмірімізді шет елдер арасында насихаттаған шебер Қ.Тасовты, тері, мата, зергерлік өнерін қатар меңгерген қолөнер шебері Берік Әлібиді ерекше айтуға болады. Қол өнері өнер ішіндегі қарқынды даму саласы. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары қазақ қолөнеріндегі үлкен жаңашылдықтың бірі қолөнердің айтулы шебері Ғани Иляевтың оюөрнектермен салған картиналары болды. Шебер ою-өрнектерімен «Жаз", «Күз", «Қыс», «Көктем», «Қыз қуу», «Бәйге», «Байқоңыр», «Қазақстан» атты тақырыптық картиналарды салған. Халық бас киімді ерекше қадірлеген. Қырғыз халқында Еледжепдеп аталатын егде әйелдері мен әжелері басына тартып жүретін бас киім 12,18 метр матадан тұрған. Көшпелі халық көшіп жүргенде келін босанса нәрестені осы жаулық (еледжеп) матасына орап алған. Жолаушы жүрген кезде өмірден өткен адамды да осы матаға орап жерлеген деген деректер бар. Сондықтан да ертеректе қырғыз халқына әйелдер өлім мен өмірді бастарында көтеріп жүреді деген сөз бар. «Қазақтар ою-өрнектердің ішінде өмір сүреді екен» - деген орыс саясатшысы К.Соколов.

Жүн өңдеу өнері соңғы кезде қарқынды даму үстінде. Жүннен картиналар жасалып, киім моделі жобаларының талдауларын өмірге келуде. Бұл ұлттық дәстүрлі қолөнердің заманауи сұранысқа сай қайта жаңғыруы деп айтуға болады. Жібек жолы бойында еліміздің орналасуы көптеген мәдениетті қорытып, оның ішінде жақсысын таңдап алуға мүмкіндігі болған. Содан болса керек атқа мінумен байланысты заттар «үзеңгі», «шалбар» т.б.этнодизайнерлік жобалары ұлы дала топырағында дүниеге келген. Қандай жағдай болсада ұлттық қолөнердің дамуын тоқтатпау қажет. Қолөнер ең алдымен рухани мұра. Қазақ халқының қолөнер тәжірибесі мен дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған. Бала тәрбиесі – қоғам тәрбиесі, мәдениетті, тілді, дәстүрлі сақтау, біздің қасиетті борышымыз, біздің иығымызбен көтеретін жүк. Қолөнер мәңгілік. Себебі ол еңбек. Барлық халыққа ортақ тіл ол – өнер тілі. Қандай жағдай болсада ұлттық қол өнердің дамуын тоқтатпау қажет. Зергерлік өнер ең алдымен рухани мұра. Қазақ халқының зергерлік өнер тәжірибесі мен дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған.

**– Шебердің жастармен жұмыс жүргізудің негізгі бір формасы – шеберлік класын өткізу туралы айтсаңыз?**

– Түркістанда Қалмырза Тасов деген ұлы дала көшпенділерінің алтын мен күмістен зергерлік бұйым жасау дәстүрін жалғастырушы тамаша шебер бар. Оның өмір бойы жасаған бұйымдары «Ұлы дала рухы» атты тақырыпқа бірігеді. Шебер шығармашылық пен ұстаздықты қатар ұштастырған тұлға. Оның қызметі көркемдік білім беруде әлемдік бейнелеу нұсқаларын қолданумен сипатталса, ал әсемдік тәрбие беруде – ұлттық мәдени құндылықтарды тәрбие мазмұны ретінде қолданумен ерекшеленеді. Зергердің жастармен жұмыс жүргізудің негізгі бір формасы – шеберлік класын өткізу. Оның негізгі тыңдаушылары мектеп оқушылары мен мұғалімдер, университет студенттері мен тәлімгерлері, өнертанушылар мен әуесқой суретшілер. Шебер зергерлік бұйым пішінін құрамдауда шеңбер, шар, үшбұрыш, төртбұрыш, трапеция көріністерін тұтастықта алумен дараланады, бұйымды безендіруде өсімдік және геометриялық көріністер тектес өрнектерін қолдануға басымдық береді.

Екінші дүние жүзілік соғыстың алдында төрт жыл бұрын Германия фашистері Испанияның Герника деген шағын қаласына бомба тастап тас-талқан етіп қиратқан. Картина мазмұнын құрайтын көріністерде, осы қаланың қирауы, фашизмнің зұлымдық іс-әрекетінің көріністері - құлаған үйлердің үйіндісі, аққан қан, сынған ағаш, ұшқан жаңқалар, бөлініп қалған адамның қолы мен аяғы, жарылған бас, сынған қабырға мен жіліншік сүйектері, жарықшақ ұшқындары, шашылған дүние мүліктердің қалдықтары. Бұл көріністер шығарма композициясының бейнелеу заңдылығының ережесіне сай келмейтін, шынайы көріністеріне бағынбайтын берекетсіздік сипатына сай құрамдалуының өзі соғыс пен фашизмнің қанды қол әрекетінің ақырғы сәтін көрсетеді. Кескіндеме туындысында көңілді жарқыратар бояу түстері аз, біріңғай бұлтты күндер мен қоңыр күзді елестететін түстерге басымдық берілген. Кескіндеме шығармасының көркемдік бейнелері түрлі-түсті бояу арқылы берілуі тиіс болғанымен, шебердің осы шартты әдейілеп бұзуы, фашизмнің адамзат өміріне жасаған қастандығын эпопеялық стильде суреттеуімен астарластыра, әшкелеуге баса көңіл бөлген. Картина композициясындағы шым-шытырық, бей-берекет көріністердің ішін мұқият қарағанда Гитлердің бет бейнесі, оны айғақтайтын мұрын астындағы мұрты анық байқалады. Адамзаттың қас жауы болған, қанішер Гитлердің көрінісін суреткердің бұлайша топтамалауы, оның соғысқа деген қарсылығын білдіріп, фашистердің әрекетін төрткүл дүние алдында әшкерелейді.

Әлемге танымал суретшінің жоғары идеялы көлемді композициясын дәстүрлі бейнелеу өлшемдерінен шығып, сол кездің көрермендерінің қабылдауына қиындық туғызатын көріністерге баруы, ойлануға мәжбірлеуін өз замандастары кезінде түсіне бермеген, оны, шынайы бейнелеу әдістерін жоғары дәрежеде меңгеріп, озық үлгі көрсеткенімен шынайы көріністерді шыншылдықпен бейнелеу әдістерінен алшақтап, бей - берекетсіздік, жөнсіздік сипаттарындағы топтамалауға баруы, бұл образ сомдауды сол кездегі көпшілік түгілі, замандастар арасында түсініспеушілік туғызды. Ал, бұл болса сол кездегі бейнелеу өнеріндегі қалыптасқан дәстүрді бұзушылық ретінде танылған, сонымен қатар композициялық сюжетті танытатын - жаңашылдық ретінде көпшілік арасында оң көзбен қабылданбаған.



**Пикассо П. «Герника» картинасы.(1937ж)**

Шын мәнінде, бұл сипаттағы сюжетті құрамдау, ұлы суреткердің дүние жүзін қамтыған, барлық халықтарға өлшеусіз ажал әкелген, фашизмнің жексұрындық әрекетін көркемдік топтамалау әдісімен жоғары деңгейде бере білген. Сөйтіп П.Пикассоның «Герника» картинасы жер жүзінің талай елімен жерін қамтыған, миллиондаған адамдар өмірін жалмаған, сұм соғыстың нәтижесін көркемдік тілмен бір ғана картина ауқымына сыйғыза көрсеткен шығарма. Мұндай тарихи оқиғаны астарлап көрсеткен шығарма тілін әлем халықтарының бәрі түсінеді. Себебі олар бейбітшілікті жақтайды.

**- Әсерлі әңгімеңізге рахмет.**

***Қуандық Ералыұлы Ералин ҚР мәдениет қайраткері (2007), ЖОО үздік оқытушысы (2008), (2015), Ы.Алтынсарин атындағы медальдің иегері (2010), ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі (1997). ҚР Суретшілер одағының мүшесі (1994). Шымкент қаласында Қуандық Ералыұлының тікелей ұйытқы болуымен дессертациялық кеңес ашылды. Ол 4 ғылым докторына, 20 ғылым кандидаттарына жетекшілік етіп,қорғатып шығарды.***

***Түркістанда өнерге баулыған шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде бірі ұстаздық етсе, енді бірі суретші болып қызмет атқаруда. Өзіміздің оқу орнымызда кафедра меңгерушісі Ж.Бейсенбеков, декан орынбасары Е.Мәмбетаев, аға оқытушы М.Шаханбаев сынды шәкірттері де шәкірт дайындап, ұстаздың ісін жалғастыруда.***

***Сұхбаттасқан***
***Эльмира АРТЫҚБАЕВА***

ҒЫЛЫМ/БІЛІМ

# БІЛІКТІ МАМАН – ҰЛТ ТІРЕГІ

**«AIQYN» газетінің 12 қазандағы №157 (3622) санында Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ректоры Б.Абдрасиловтың «БІЛІКТІ МАМАН-ҰЛТ ТІРЕГІ» тақырыбындағы сұхбаты жарияланды. Бұл сұхбатта еліміздегі ЖОО-дағы мәселелер мен университетіміздегі атқарылып жатқан жұмыстар жайында сөз қозғалған. Осы орайда, назарларыңызға аталған газеттегі жарияланған материалдың толық нұсқасын ұсынамыз.**

**Айта кетейік, Түркістанның төрінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қабырғасында «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің» ұйымдастыруымен «Білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ІІІ Орта Азиялық халықаралық форум» өтіп, оған әлемнің 15 мемлекетінен 200-ге жуық делегат қатысты. Жиында университеттердегі білім жүйесін жетілдіруге бағытталған аккредитацияның маңызы, білім саласындағы халықаралық мәселелер талқыланды. Ғалымдар түрлі ұсыныстар мен пікірлерін ортаға салды. Осы орайда, аталған шараны ұйымдастыруға себепші болған ХҚТУ-дың ректоры, Болатбек Абдрасиловты сұқбатқа тарттық.**

**Білім беру сапасы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі мемлекеттің дамуына және ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі екені белгілі.**



**- Болатбек Серікбайұлы, әлемнің 15 мемлекетінен арнайы келген делегаттар ІІІ Орта Азия Халықаралық форумға қандай мақсатпен жиналды және онда қандай мәселелер көтерілді.**

– Форумға Сенат депутаты Бақытжан Жұмағұлов, Білім және ғылым вице-министрі Ш.Каринова, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей Білім және ғылым министрліктерінің өкілдері, жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің халықаралық және еуропалық желілерінің, шетелдік аккредиттеу органдарының, шетелдік білім беру ұйымдарының (Бельгия, Венгрия, Германия, Нидерланды, Түркия, Ресей т.б.), Қазақстандағы ұлттық және басқа оқу орындарының ректорлары қатысты. Форумның негізгі мақсаты – білім сапасын қамтамасыз ету және білім сапасын бағалауда халықаралық аккредиттеудің рөлін арттыру. Сонымен қатар университеттердің академиялық еркіндігін және басқарушылық дербестігін кеңейту, сапа мәдениетін қалыптастыру. Басқосуда оқу бағдарламалары мен білім алушыларды халықаралық стандарттар бойынша даярлау мәселесі қозғалды. Екі күнге жалғасқан жиын барысында талқыға салынған проблемалар мен айтылған маңызды ұсыныстар жоғары білім саласын дамытуға оң үлесін қосары сөзсіз.

**– Білім сапасының шартары бойынша шетелдік тәжірибелерге мысал келтіре кетсеңіз?**

– Білім беру сапасы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі мемлекеттің дамуына және ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі екені белгілі. Қазіргі таңда әлемнің барлық елі университеттерін дамыту, кадр даярлау жүйесін жетілдіру мәселелерімен айналысуда. Қытайды мысалға алсақ, 1995 жылдан бастап университеттерді дамыту бойынша бірқатар жоба іске асыры- лып, соңғы 10 жыл ішінде университеттері әлемдегі ең үздік рейтингтерде алғашқы орындарға суырылып шықты. Мысалы, QS рейтингі бойынша 10 жыл бұрын 100 үздік қатарында 2 университет болса, биылғы жылы 6 оқу орнына жетіп отыр. Дәл солай Ресейде 2013 жылдан бері әлемдік деңгейдегі университеттерді құру бойынша жоба сәттіжүзеге асырылып, олардың университеттері әлемдік рейтингтерде тұрақты өсім көрсетіп отыр. 2017 жылы Түркия үкіметі университеттердегі инновациялық ғылымды дамыту мақсатында 10 жетекші университетті қолдау жобасын бастады. Санаулы жылдар ішінде Түркия университеттері айтарлықтайжетістіктерге жеткенін байқауға болады.

**–Қазір Қазақстандағы ЖОО-ларда кездесетін негізгі проблемалар қандай деп ойлайсыз?**

– Дүниежүзіне белгілі білім саласының сарапшысы Роналд Барнетт университеттерді келесі сипаттар бойынша топтастырады: университет 1.0 – білім беретін, университет 2.0 – білім беретін және ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізетін, университет 3.0 – білім беру, ғылыми зерттеу және инновацияны өндіріске жеткізетін университет. Ал жаңа буындағы 4.0 университетінің қызметі – білім беру, ғылыми-зерттеу, зерттеу нәтижелерін коммерциализациялау және қоғам мәселелеріне шешім табу. Дүние жүзіндегі жетекші университеттерді 4.0 класына жатқызуға болады. Бүгін Қазақстанда әртүрлі меншік нысаны бар 131 жоғары оқу орны қызмет көрсетеді. Біздің ойымызша отандық университеттердің басым көпшілігі 2.0 класына тиесілі, ал 3.0 класына жататын санаулы ғана оқу орны бар. Сол себептен халықаралық рейтингтердегі отандық университеттердің алатын орны да көңіл толарлықтай емес. QS рейтингі тізіміне біздің тек 10 универ- ситет қана енген. Алайда соңғы үш жыл ішінде бұл университет тердің басым бөлігі өзінің позициясын әлсіретіп алды.

**– Ендеше, еліміздің ЖОО-ын әлемдік деңгейге көтеруге не кедергі деп ойлайсыз?**

– Негізгі жүйелік мәселелердің бірі – университеттерді қаржыландырудың төмен деңгейі. Жалпы, бізде материалдық-техникалық базаны, оқу зертханаларын және инфрақұрылымды дамытуға мемлекет тарапынан бөлінетін мақсатты қаржыжоқ.Ғимараттарды, құрылыстарды, жатақханаларды күтіп ұстау қаржылық шығындарды талап етеді. Сонымен қатар оқу-зертханалық жабдықтар да жаңар- тылып тұруы қажет. Негізінен, университеттердің бюджеті студенттердің мемлекеттік грантынан және ақылы негіздегі оқудан түскен қаражат есебінен қалыптасады. Сондықтан біздің университеттердің жылдық бюджеті шетелдік университеттермен салыстырған да әлдеқайда аз. Университеттер бюджетінің шамамен 70%-ы еңбекақы төлеуге жұмсалатынына қарамастан, оқытушылардың орташа жалақысы басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай төмен. Нәтижесінде, жалақының төмендігі отандық не шетелдік жоғары білікті оқытушы- ларды біздің университеттерде жұмыс жасауға ынталандырмайды. Тағы да бір маңызды мәселелердің бірі – ғылыми зерттеу жұмыстарын қаржыландыру деңгейінің төмен болуы. Университеттердің тек ғылыми-зерттеу жұмыстаина жұмсайтын қаржылықресурстарының үлесі: жалпы бюджеттің 1-5% шамасында. Бұл, әрине, төмен көрсеткіш. Тағы бір мәселе – барлық университетте орын алатын жағдай жаңа толқынның ескі буынды алмастыруы. Босаған жұмыс орын- дарын дер кезінде тәжірбиелі, ғылыми атағы және дәрежесі бар мамандармен толықтырылмайды.

**– Сөз арасында мамандарға, яғни кадр мәселесіне қатысты пікіріңізді айтып қалдыңыз. Сонда бұл мамандар жетіспеушілігі ме немесе олардың біліктілігі талапқа**

**сай емес пе?Олай болса тығырықтан шығу үшін қандай ұсыныстарды атар едіңіз?**

– Біздің университеттердегі кадр дайындау сапасының тиісті дәрежеде болмауы – білім беру бағдарламалары мазмұнының заманауи талаптарға жеткілікті деңгейде сай келмеуі. Қазір түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы үшін, біздер студенттерге тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар кәсіби қарым-қатынас дағдысын, шығармашылық ойлау қабілетін, сыни ойлау деңгейін арттырып, шешім қабылдауға және өзін-өзі дамытуға үйрету қажет. Менің ойымша, біздің университеттерге жоғары білікті мамандарды тарту үшін жалақы деңгейін көтеру керек. Бұл мәселені шешіміне білім беру гранттарының санын азайтып, құнын арттыру арқылы қол жеткізуге болады. Гранттарды бөлудің қазіргі үлгісі бойынша абитуриентке белгілі бір университетті таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Ал грант иегерлерінің көпшілігі Нұр-Сұлтан және Алматыда орналасқан университеттерді таңдайды. Алайда бұл университеттер барлық талапкердің оқуға қабылдануын қамтамасыз ете алмайды. БҒМ грант бөлу жүйесінде университет қабылдай алатын студенттердің санын ескере отырып, грант иегерлерін қабылдау жүйесін өзгертуді ұсынамыз.

**– Мемлекет басшысы осы жылдың шілде айында 20 озық жоғары оқу орны құрылатындығы туралы жариялады. Бұл туралы не айтасыз?**

– Жақында Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Қуатты өңір – қуатты ел» ұранымен өңірлерді дамыту қажеттігін атап өтті. Осы орайда біздің жоғары оқу орындарымыз аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаруы керек. Біріншіден, университеттер – бұл экономикамен әлеуметтік салалардың барлығы үшін кадр даярлайтын негізгі орта. Екіншіден, университетте жасалған ғылым мен инновация аймақтың инновациялық әлеуетін арттырады. Университеттер ғылым мен білімді дамыту орталықтары ғана емес, сонымен бірге жаңа идеялар пайда болатын және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін интеллек-туалды орталықтар болуы керек. Сондықтан күшті аймақтарды қалыптастыру шарттарының бірі – өңірлерде мықты университеттер құру.

**– Болатбек Серікбайұлы, сіз соңғы 20 жыл бойы Білім және ғылым министрлігінде, мемлекеттік басқару салаларында жауапты лауазымды қызметтерде жұмыс істедіңіз. 2018 жылы маусым айында Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік уни-верситетіне ректор болып тағайындалдыңыз. Сіздің ойыңызша, осы университеттің қазақ-түрік достығын дамытудағы маңызы мен Қазақстандағы білім жүйесін дамытудағы рөлі қандай?**

